

ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ТАРТҚАН ЖАҢА ЖОБАЛАР



МҰНАЙЛЫ АУДАНДАРДА ЖАҢА СПОРТ АЛАҢДАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ЖҮЛДЕМЕН



Embi ТЫНЫСЫ

№20 (104)
ЖЕЛТОҚСАН
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті ембіліктер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесімен құттықтаймыз!

Биыл рухы асқақ, тұғыры биік төл мемлекетімізге 31 жыл толды. Тағылымы мол тарихымыз – сонау сақ дәуіріндегі, түркі бабалар тұсындағы, Қазақ хандығы кезеңіндегі, кешегі Екінші Дүниежүзілік соғыстағы ұлтымыздың ұлы күрестерінің куәсі. Бұл – біздің өткеніміз, бұл – біздің тағдырымыз.

Қазақ тарихында азаттық деп аласұрған, еркіндік деп екпіндеген халқымыздың мұратын орындау бақыты бүгінгі біздің ұрпақтың еншісіне тиіпті. Олай болса, бұл күн ұрпақтардың ұлы арманы орындалған ордалы той, мерейлі де мәртебелі мереке.

Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп-көркеюі жолында аянбай етіп жүрген сіздердің орасан үлестеріңіз бар.

Тәуелсіз Қазақстанмен қатар дамыған отандық кәсіпорын – «Ембімұнайгаз» АҚ үшін биыл елеулі жыл болды. Ғасырлық тойын жоғары деңгейде атап өткен мұнайлы Ембінің 100 жылдық салтанатты жиынына қатысқан Үкімет басшысы Ә.Смайылов мұнай-газ секторының даму тарихының бастауында, ел экономикасының қарыштап, өрге басуында ембілік мұнайшылардың үлкен қолтаңбасы бар екендігін атап өтті. Бірқатар әріптестеріміз мемлекеттік наградаларға ие болды. Ұжымдастарымыздың мерейі тасыды. Бұл – тәу етер тәуелсіздігіміздің жемісі.

Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай!

Сіздердің дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

Құрметті энергетика саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді энергетиктердің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Желтоқсанның үшінші жексенбісі өз өмірін еліміздің энергетикалық кешенін құруға және қызмет көрсетуге арнаған, «жарық» пен «жылу» сөздері тұтас дәуір болып табылатын жандарға құрмет көрсету мерекесі ретінде аталып келеді.

Энергетика саласы - сөздің тура мағынасында ең мәртебелі мамандықтардың бірі. Біздің өмірімізде энергияның маңыздылығы аса жоғары. Өйткені, экономиканың барлық басқа салаларының өміршеңдігі және көптеген адамдардың үйіндегі жайлылық, жылу мен жарық оған байланысты.

«Ембімұнайгаз» компаниясының өндірістік кәсіпорындарын үздіксіз электрмен және сумен қамту, энергетикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсетіп, күрделі жөндеу, негізгі құралдарды сынау және баптау, мұнай құбырларына электрлі-химиялық қорғау техникалық қызметтерін атқару мақсатында 2008 жылы құрылымдық бөлімше – «Ембімұнайэнерго» басқармасы құрылды. Міне, содан бері аталған басқарма қызметкерлерінің еңбегі энергетикалық әлеуетті арттыру, бәсекелестікке қабілеттілікті қолдау, сонымен қатар, қауіпсіздікті күшейту сияқты алдымызда тұрған маңызды мәселелерді шешуде аянбай еңбек етіп келеді.

Атап өту керек, Компаниямызда еңбек, өнеркәсіп, қоршаған ортаны қорғау, электр, өрт қауіпсіздіктері талаптарын сақтау бойынша жыл сайын өтетін байқау-конкурсында «Ембімұнайэнерго» басқармасының ұжымы жазатайым оқиғасыз ең ұзақ кезеңге (2305 күн) қол жеткізіп, «Оқиғасыз күндер» номинациясы бойынша ауыспалы кубокты екінші жыл қатарынан жеңіп алды.

Бұл – ұжымдағы жұмыстың жүйелілігін, ортақ мақсатқа жету жолындағы бірліктің нақты айғағы.

Сіздерді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, бақ-дәулет, ырыс-ынтымақ тілейміз!

Ізгі тілекпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

Энергетик
күнімен!

Мәртебе**ЕМБІЛІК АРДАГЕР – АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ**

Жуырда ембілік ардагер, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Ізбасов Максим Шафихұлы Атырау облысының Құрметті азаматы атанды.

Ол еңбек жолын 1976 жылы «Құлсарымұнай» МГӨБ Құлсары кен алаңында мұнай мен газ өндіру операторы болып бастады. Кейін Құлсары кен алаңында өндірістік-технологиялық бөлімнің аға инженері, жерасты жөндеу цехының басшысы, өндіру цехының басшысы қызметтерін атқарды.

1985 – 1989 жылдары – «Құлсарымұнай» МГӨБ партия комитетінің хатшысы болды. Еңбек еткен әр жылдары «Құлсарымұнай» МГӨБ жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы, бас инженері, «Теңізмұнай» ӨБ өндірістік-технологиялық бөлімнің басшысы, бас инженері, бірінші вице-президенті болды. Екі акционерлік қоғам «Теңізмұнай» және «Ембімұнайгаздың» бірігуіне байланысты 1999 жылы «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ басшысы болып тағайындалды.

2004 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директоры болып тағайындалды. Бұдан кейін «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ басшысы, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның «Ембімұнайгаз» ӨФ-де бас техникалық жетекші, Норт Каспиан Оперейтинг Компани компаниясы Атырау филиалының жергілікті билік органдарымен байланыс жөніндегі аға кеңесшісі болып еңбек етті.

2012 жылдан 2017 жылдар аралығында Атырау облысы Жылыой ауданының әкімі болды. 2021 жылдан Атырау облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы.

**Марапаттары:**

«Құрмет» (1999 ж.), «Парасат» (2020 ж.) ордендерімен, «ҚР Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.), «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» (2019 ж.), «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығы» (2022 ж.) медальдарымен, мәдениет және гуманитарлық салалардағы демеушілік және қайырымдылық қызметтері үшін ҚР Президентінің Құрмет дипломымен (2006 ж.), ҚР Президентінің (2001, 2005 ж.) және Атырау облысы әкімдерінің (2001, 2005, 2007 ж.) Алғыс хаттарымен, КСРО Мұнай кәсіпшілігі министрлігінің (1980 ж.), ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің (2004 ж.) және ҚР мұнай және газ министрлігінің (2010 ж.) Құрмет грамоталарымен, облыстық кеңес және облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, мұнай және мұнайдың 100 жылдығы және кен орындарының мерейтойларына арналған төсбелгілермен марапатталды. Халықаралық мұнай және газ кәсіподақтары конфедерациясының лауреаты (2005 ж.). Атырау облысының (2022 ж.), Атырау облысы Жылыой ауданының (2004 ж.) және Қызылқоға ауданының (2007 ж.) Құрметті азаматы. «Жыл мұнайшысы» («Жыл адамы») (2001 ж.). Облыстық мәслихаттың екі шақырылымының депутаты (1999-2003, 2003-2007 жж.).

Ардагерімізді лайықты марапатымен құттықтаймыз!

Бас компаниялар жаңалықтары**ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ – ЖІТІ КӨЗҚАРАС**

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобында өрт қауіпсіздігін арттыру шаралары тақырыбында көшпелі семинар өтті. Жиынға ҚМГ өндірістік қауіпсіздік басқармасының бастығы А.Т.Утепов, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті өрт қауіпсіздігі жөніндегі жетекші маман Б.Б.Бадылбаев, сондай-ақ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «KPI» («Казахстан Петрокемикал Индастриз Инк») ЖШС, «Казахойл Ақтөбе» ЖШС, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС, «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің техникалық жетекшілері мен мамандары қатысты.

Семинардың негізгі бағыты мұнай-газ саласындағы қауіпті өндірістік нысандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды.

Қауіптілігі жоғары жұмыстар кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуын өндірістік бақылау, жұмысшыларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, автоматты өрт дабылы жүйесінің жұмысын күнделікті бақылау, өрт сөндіру бойынша оқу сабақтары мен практикалық шаралар сияқты профилактикалық іс-шаралар өткізу, өрт сөндіру құралдарын пайдалану дағдыларын меңгеру және т.б. мәселелер семинар барысында кеңінен сөз болды.

Қатысушылар соңғы 6 жылда елімізде және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында орын алған өрттердің статистикасымен танысты, ауыр зардаптарға (адамдардың өліміне) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік активтеріне ірі залал келтірген өрттердің түпкі себептері мен тергеу нәтижелерін талқылады.

Өрт қауіпсіздігі шараларын жетілдіру мақсатында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы 2022-2024 жылдарға арналған «Өрт қауіпсіздігінің кешенді жоспарын» бекітті. Кешенді жоспар өртке қарсы мемлекеттік емес қызмет жұмысшыларының санитарлық-тұрмыстық және тамақтану жағдайын жақсарту, вахталық қалашықтардағы жатақханалардың санитарлық-гигиеналық нормаларға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне зерттеу жүргізуді көздейтін негізгі қысқа мерзімді бағыттарды қамтиды.

Ал, орташа мерзімді шараларға өрт сөндіру деполарындағы күрделі жөндеу, өрт сөндіру жүйелерін және автоматты өрт дабылдарын жаңғырту шаралары кірді.

Ұзақ мерзімді іс-шараларда шалғай орналасқан кен орындарында типтік және модульдік өрт сөндіру бекеттерін (металл конструкциялардан құрастырмалы ғимараттар) салу, өртке қарсы құрал-жабдықтарды сатып алу, өрт-техникалық жабдықтар мен құралдарды жаңарту және ауыстыру жоспарлануда.

Кешенді жоспарды жүзеге асыру өндірістік нысандарындағы өрт қауіпсіздігін жақсартуға және мұнай мен газ өндірудің технологиялық үдерістерін үздіксіз енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, семинарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ағымдағы өндірістік мәселелер, ағымдағы жылға өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылаушы мемлекеттік органдардың тексеруі барысында анықталған талаптардың сақталуы талқыланды.



ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ТАРТҚАН ЖАҢА ЖОБАЛАР

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 100 жылдығына арналған «Ембі – ел ырысы» көркем-деректі фильмінің, оқу-анимациялық бағдарламаның және тарихи порталдың тұсаукесер рәсімі өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова аталмыш жобалардың қолға алыну мақсаты жайында кеңінен түсіндіріп өтті.

Әр жоба бойынша жұмыс жасаған мердігер мекемелердің де өкілдері қызмет барысы қалай жүзеге асқандығы туралы тәжірибелерімен бөлісті.

- Бұл жоба бізге үлкен мектеп болды. Біз осы жобаны дайындай отырып, өзімізге еліміздің мұнай-газ саласы, Ембі өндірісі туралы мол деректер алдық. Қолға түскен, жинақталған мәліметтерді бір жүйеге келтіру мақсатында Атырау қалалық білім басқармасынан арнайы сарапшылардың жұмысына жүгіндік. Мектеп оқушыларына түсінікті, әрі тез және қызықты қабылдану үшін компьютерлік анимация әдісін пайдаландық. Бағдарламада география, физика, химия, тарих пәндерінің жиынтығы деуге болады. Факультатив үшін таптырмас оқу құралы, - деді мектеп оқушыларына арналған оқу-анимациялық бағдарламаны әзірлеген **мердігер мекеменің өкілі Айдос ҚАРАБАЛА**. ЛЭД экраннан жобаның 2 сериясы көрсетілді.

Ал, Компанияның 100 жылдық тарихына арналған порталды жасақтаған **мердігер мекеменің өкілі Саламат КҮЗЕМБАЕВ** жобаның жұмысына қысқаша тоқталып, порталмен танысу жолдарын көрсетті. Атап өтетін жайт, ғасырлық мерейтойды тойлау жұмыстары

аясында Ембінің әлеуметтік саясат және баспасөз қызметі салаларының мамандары тарихты зерделеу мақсатында Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы қалаларындағы мұрағат деректерін ақтарып, ізденіс жұмыстарын жүргізген болатын. Нәтижесінде бірқатар тың тарихи материалдар мен бейнероликтерге қол жеткізілді. Сол құнды деректердің осы порталдан көрініс тапқаны – тарих үшін үлкен қазына. Ең басты мүмкіндік – порталдың үнемі жаңа деректермен толығып отыратындығында.

«Ембі-ел ырысы» атты көркем-деректі фильмді дайындаған **жоба продюсері Әнуар СЫЗДЫҚОВ** мұнай-газ саласы тақырыбында мұндай форматта фильм түсіру олар үшін де жаңа бағыт болғандығын айта келіп, дегенмен, тарихи деректердің молдығы мен ауқымдылығы көздеген мақсатқа жетуге үлкен септігін тигізгенін баса айтты.

ЛЭД-экраннан фильмінің барлық 10 сериясы алғаш рет көрсетіліп, көрерменге жол тартты.

Шара соңында Компания ардагерлері Максим Избасов, Айболат Габдуллин, Салтанат Қалиевалар сөз алып, әсерлерімен бөлісті.

Оқу-анимациялық бағдарламаны әзірлеуде сарапшы ретінде көмек қолын созған Атырау қалалық білім бөлімінің мамандары Асыланбек Теміржанұлы мен Маргарита Бақытқызына «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Есен Қайыржан алғыс білдірді.



Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА:

«Ғасырлық мерейтойды ұйымдастырудағы басты мақсат - табысты еңбек ұмытылмауы керек»

- 100 жыл бойы іргесі ыдырамаған ұжымдар саусақпен санарлық... 100 жылдықтың аясында көп шаралар нәтижесін тапты: ақпарат құралдары арқылы таратылды. Жаңа жобалар қолға алынды: солардың қатарында көрермен назарына ұсынылған тарихи портал, оқу-анимациялық бағдарлама және «Ембі-ел ырысы» атты көркем-деректі фильм.

Бұл жобалар – компания тарихындағы басты жаңалықтар. Бұрын компанияның тыныс-тіршілігі туралы фильмдер дайындалған, олар деректі фильмдер болатын. Ал, мына формат алғаш рет қолға алынып отыр. Көркем фильм түсіру біраз уақытты алады, жылдар бойы жүзеге асады. Біз аз уақыттың ішінде компанияның 100 жылдық тарихын қамтыған көркем-деректі фильм дайындап, көрермен назарына ұсындық.

Компанияның ғасырлық тарихы актерлардың шынайы ойыны арқылы көрініс тапты. Оған республикалық және өзіміздің жергілікті актерлар да тартылды. Фильм 10 сериядан тұрады, әр серияның уақыты 5 минут.

Фильмді көре отырып «неліктен қысқаметражды?» деген сауал туындауы мүмкін. Бүгінгі заман талабы – әлеуметтік желілерге жүктеу үшін фильм қысқаметражды форматта дайындалды. Әлеуметтік желілерде көп отыратын жастарға негізгі акцент жасалды. Себебі, компанияның тарихы біздің ұрпаққа: ардагерлер мен орта буынға жақсы таныс. Ал, жас буын бәрін толық біледі деп айта алмаймыз. Сол себепті, жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін әлеуметтік желінің талабына сай дайындалған қысқаметражды фильм – бұл. Арнайы құрылған комиссия тарихтың бұрмаланбауына жіті қарады. Әр серияны мұқият қадағалады.

Тағы екі жобамыз – мектеп оқушыларына факультативтік сабақ үшін дайындалған анимациялық бағдарлама. Анимация әдісі де мектеп оқушыларының талғамына сай, қызығушылығына дәл келетін формат деп есептейміз. Тарихи портал – құнды деректердің жиынтығы. Айта кетеріміз, портал үнемі толықтырылып отырылады. Сіздердің ата-әжелеріңіз, ата-аналарыңыздың Ембі өндірісін дамытуға қосқан ерен еңбектерімен кейін де толығымен түседі.



Инфраструктура

ПОДАРОК ОТ «ЭМБАМУНАЙГАЗА» - МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНАЯ СПОРТИВНАЯ ПЛОЩАДКА


Еще один спортивный объект появился в селе Аккистау Исатайского района. АО «Эмбаунайгаз» в честь векового юбилея построило для сельчан многофункциональную спортивную площадку. Символично, что новый объект, который больше всех пришелся по душе юным спортсменам, построен в Год детей.

Специальная территория площадью 6300 м² оборудована беговой дорожкой протяженностью 250 метров, площадками для мини-футбола, баскетбола и тренажерами для уличной гимнастики. Спортивная площадка оснащена освещением, а прилегающая территория благоустроена.

В торжественном открытии объекта приняли участие жители села Аккистау, работники НГДУ «Жайыкмунайгаз», ветераны-нефтяники и спортсмены. Аким Исатайского района Полымбет Хасанов от имени сельчан выразил благодарность нефтяникам Эмбы за вклад в развитие спортивной инфраструктуры села и вручил генеральному директору АО «Эмбаунайгаз» Есену Каиржану Благодарственное письмо.

Есен Каиржан в свою очередь сказал, что эмбинцы постоянно вносят вклад в развитие районов, где расположены нефтегазодобывающие управления «Эмбаунайгаза». Традиция благих дел нашла продолжение и в юбилейный год.

Напомним, что в начале ноября подобная многофункциональная спортивная площадка была сдана в эксплуатацию в поселке Доссор.

Бұқаралық спорт



МҰНАЙЛЫ АУДАНДАРДА СПОРТ АЛАҢДАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығы аясындағы іс-шаралар жалғасын табуда. Өткен аптада Қызылқоға мен Мақат аудандарында отандық компанияның демеушілігімен салынған екі спорт алаңы пайдалануға берілді. Спорт алаңдары шағын футбол, баскетбол, волейбол алаңдарымен және жүгіруге арналған жолақтармен қамтылған. Көпфункционалды спорт алаңдарының ашылу рәсіміне компания мен екі ауданның басшылығы, мұнайшылар мен мұнайлы өңірдің тұрғындары қатысты.

Қызылқоға ауданының әкімшілігі компанияның ғасырлық мерейтойының аясында ауданға спорт алаңын салуға қолдау көрсету жөнінде өтінішпен шыққан болатын. Компания басшылығы жұртшылықтың өтінішіне қолдау білдіріп, мұқырлықтарға көпфункционалды спорт алаңын салып беруді ұйғарысқан еді. Өткен аптада жаңа нысанның лента салтанатты түрде қиылды. Мұқыр ауылында жаңадан бой көтерген спорт нысанының ашылу салтанатында аудан әкімі Қанат Әзмұханов демеушілік көрсеткен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымына аудан тұрғындарының алғысын жеткізді.

- Ауданымызда көпфункционалды спорт алаңының салынып, жергілікті халықтың игілігіне тапсырылуы – бұқаралық спорттың дами түсуіне үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Ембілік мұнайшылардың ауданымызда жүзеге асып жатқан игі істердегі қолтаңбасын жоғары бағалаймыз, - деп атап өтті өз сөзінде Қ.Әзмұханов.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев барша аудан тұрғындарын айтулы мереке 100 жылдық мерейтоймен, спорт алаңының іске қосылуымен құттықтап өтті.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығы компанияға қарасты мұнайгаз өндіру басқармалары орналасқан облысымыздағы төрт ауданның инфрақұрылымының дамуына әркез қолдау көрсетіп келеді. Биылғы ғасырлық тойымыздың аясында дәстүрге енген демеушілік шарамызды жалғастырудамыз. Аудан тұрғындарының арасында салауатты өмір салтын дамытуды мақсат етіп, осындай заман талабына сай келетін спорт нысанын сіздерге тарту еттік, - деді Қанатбек Қасымғалиев.

Мұқыр ауылының тұрғындары атынан мұнай саласының ардагері Василий Есқалиев жылы лебізін білдірсе, жергілікті әнші, сазгер Бақтыбай Досбосынов өзінің туындысын мерекеге тарту етті.

Мұндай қуанышты шара Мақат ауданында да өз нәтижесін тапты. Аудан орталығы - Мақат кентінде көпфункционалды спорт алаңының ашылу салтанаты өтті.

Нысанның салтанатты лента қию рәсімінде сөз алған Мақат ауданының әкімі Ринат Ибрагимов отандық мұнай өндіруші кәсіпорын «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы бір жыл ішінде ауданда екі бірдей спорт алаңын салып бергенін жоғары бағалап өтсе, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев жаңадан бой көтерген спорт алаңдарының аудан жастарының арасында бұқаралық спортты дамытуына үлкен сеп болатынына ерекше тоқталып өтті. Сонымен қатар, Қанатбек Махмұдұлы Мақат аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымына спорттық құрал-жабдықтарды тарту етті.

Спорт алаңының ашылу салтанатына қатысушылар ауыл балаларының жаңа алаңдағы жолдастық кездесуін тамашалады.

Айта кету керек, ембіліктердің демеушілігімен салынған тағы бір спорт алаңы өткен айда Доссор кентінде де салтанатты түрде тапсырылған болатын.



Энергетиктер күні

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН – ЖҮЛДЕМЕН!



Елордада республикалық «Еңбек жолы» байқауы қорытындыланып, ерекшеленген жұмысшылар марапатталды.

Биылғы байқауға 1 сәуірден бастап 500-ден астам өтінім келіп түскен.

Республикалық комиссия басым түскен 9 лауреатты анықтады. Еңбегімен дараланғандардың бірі –

әріптесіміз, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының энергетика бөлімінің бастығы Жұмабай АБДУЛОВ. Ол «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» аталымы бойынша үшінші орынды иеленді. Айта кетейік, дәл осы номинация бойынша 179 жұмыс байқауға ұсынылған.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова, «Атамекен» ҰКП, республикалық жұмысшылар мен жұмыс берушілер бірлестіктерінің, жергілікті атқарушы органдардың, әлеуметтік серіктестіктердің өкілдері, еңбек ардагерлері қатысты.

Айта кетейік, жүлдегерлер республикалық комиссия отырысында байқаудың облыстық кезеңінің жеңімпаздары арасынан таңдалды. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, әлеуметтік серіктестер, «Атамекен» ҰКП және «Қоғамдық келісім» РММ өкілдері кірді.

Айта кетейік, Жұмабай Абдулов, алдымен, аудандық, кейін облыстық кезеңнен жеңімпаз атанып, республикалық кезеңге жолдама алды.

- Мен бұл байқауға екінші жыл қатарынан қатысып отырмын. Өткен жылы да аудандық, облыстық кезеңдерден топ жарып, республикалық жарыста бақ сынаған болатынымын. Бірақ, жүлдеге ие бола алмадым. Биыл дайындығымды жетілдіріп, жаңаша бағытпен қатыстым. Кәсіби мерекеміз қарсаңында осынау құрметке ие болу – үлкен мәртебе, - дейді әріптесіміз бізбен әңгімесінде.

Жұмабай Нұрбайұлының жас буынға кәсіби мамандық беру жолында үлкен үлес қосып келеді.

Сонау 1940 жылы бастау алған Мақат мұнай және газ технологиялық колледжі (еңбек резервінің

қолөнер кәсіпкерлігі №16 ФЗО) қабырғасынан мыңдаған жас тәрбиеленіп шықты. Көпшілігі белгілі қайраткер, өз ісінің айтулы шебері атанды. Осындай нәтижеге жетуде «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)» мамандығы бойынша «Доссормұнайгаз» МГӨБ энергетика бөлімінің бастығының сіңірген еңбегі зор. Себебі, Жұмабай Нұрбайұлының оқу орнымен байланысы өте тығыз. Аталған мамандық бойынша мемлекеттік біліктілік емтихан комиссиясына жыл сайын төрағалық етсе, өндірістік тәжірибеде жетекшілік етеді.

Колледждің материалдық-техникалық базасын жабдықтауда да өз үлесі бар. 2021 жылы «Жас маман» жобасы негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар даярлау, орта білім алған мамандардың кәсіби біліктілігін дамыту мақсатында Жұмабай Нұрбайұлының келісімімен қажетті құрал – жабдықтар алынды. 2022 жылдан бастап кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарына оқу бағдарламасын жасақтауда академиялық дербестік берілген болатын. Осы орайда оқу бағдарламаларын жасақтауда өз біліктілігін көрсете білді.

Сонымен қатар, колледж жанындағы қамқоршылар кеңесіне төрағалық етсе, индустриялық кеңеске мүшелік етеді. Міне, әріптесіміздің республикадағы үздік жұмысшылар қатарынан табылуы тектен-тек емес.

Конкурс жеңімпаздарына ақшалай сертификаттар табысталды. Байқауды ұйымдастырушылар мұндай шара еңбек адамдарының мәртебесін көтеріп, кәсіпорындар мен мекемелерде жаңа еңбек әулеттерінің қалыптасуына сеп болады дейді.

ӘРІПТЕСІМІЗДІ ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Мамандығым – мақтанышым

ҮЗДІК МАМАН БОЛУ – БОЛАШАҚҚА ДАҢҒЫЛ ЖОЛ



Жыл сайын ембілік жұмысшылар арасында кәсіби дағдыны жетілдіру, еңбектің озық әдістері мен тәсілдерін тәжірибеде сынап, мамандар арасында тарату мақсатында «Үздік маман» шеберлік байқауы өтетіні белгілі. Биыл өткен осы байқауда «Электромонтер» мамандығы бойынша топ жарған «Ембімұнайэнерго» басқармасының Прорва аудандық электр торабының 3-дәрежелі электр монтері Азат Шынтөреев.

Ол Маңғыстау облысының Бейнеу ауданындағы кішкентай Есет елді мекенінде 9 жыл мектепте оқып, Ақтау қаласындағы Маңғыстау энергетикалық колледжінде «Энергетика» мамандығы бойынша білім алады. 2011 жылы қолына диплом алып, Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы еңбек жолын бастады. Содан табан аудармастан 2019 жылға дейін сол мекемеде қызмет атқарды. Сол жылдар аралығында өткен «Үздік маман» байқауына республикалық деңгейде қатысқан Азат Шынтөреевтің бригадасы Бас жүлдені иемденген болатын.

Тәжірибе мен біліктілікті ұштастырып, Ембіде 2019 жылы еңбек жолын бастады. Қарашаңырақта еңбек ете жүріп, биыл алғаш рет кәсіби шеберлік байқауында бағын сынады. Білімі мен жігері алдамады. Байқаудың екі кезеңінен

да оза шауып, жеңіске жетіп, Қызылорда қаласында өткен финалдық сында бабы мен бағын сынады. Бұл жолы III орынды еншілеп қайтты.

- Ауқымды кәсіби жарысты ұйымдастыру алғаш рет қолға алынған уақыттан бері бұл байқау кәсіби өсудің қуатты стимулына айналып үлгерді. Және бүгінде озық еңбек тәжірибелерімен алмасудың тамаша алаңы саналады. Қызметкерлердің кәсіби біліктіліктерін үнемі дамытып, жетілдіріп отыру ең басты стратегиялық міндет болып саналады. Сондықтан, мұндай конкурстар ұлттық компанияның кадр мәселесі бойынша жылдан-жылға әлеуетін өсіріп отыруға кең жол ашады. Әр өндірістік бөлімшеден, еліміздің түкпір-түкпірінен ат арытып келетін мамандар осында өздерінің біліктіліктерін көрсетіп, көптің ортасында бәйгеге түседі. Жарыстың нәтижесінде қатысушылар түрлі сыйлықтармен марапатталып, қомақты жүлдеге қол жеткізіп жатады. Ал, бәрінен бұрын ең маңыздысы – ол байқаудан жинайтын мол тәжірибені арттыру, танысып-білісу және ұжымының достарының алдында абырой, сыйға ие болу, - дейді әріптесіміз.

Кез келген өндіріс, қандай да бір өнеркәсіп электр энергиясына тәуелді. Жас мемлекетіміздің электр энергетикасына үлесін қосу мақсатында осы жауапкершілігі мен абыройы зор мамандықты таңдаған Азат Шынтөреевтің алға қарай да көптеген арман-мақсаттары бар. «Ол үшін білімді жетілдіру, алға ұмтылу мен жеке тұлғалық дамудан еш аянбау керек» дейді ол.

- Жалпы, мамандардың білікті болуы еліміздің мұнай-газ саласындағы кәсіби деңгейдің артуына зор үлес қосады. Сол арқылы осы саладағы кәсіби шеберлік айқындалады десек, қателеспейміз. Уақыт бір орында тұрмайды. Жылдан-жылға технологиялар өзгеріп тұрады. Сол үшін де Ембімұнайгазда қолданылып жатқан ең озық технологияларының үлгілері байқауға қатысушыларға жыл сайын таныстырылып отырады. Өйткені, жұмыскерлер әрдайым барлық ситуацияға дайын болуы керек. Энергетика – тіршілік көзі. Сондықтан, жарық, жылусыз бірде де бір жұмыс алға баспайды. Сондықтан, осы салада да іркілістің болмауын қамтамасыз ететін мамандардың қай кезде де біліктілігі мен тәжірибелік шеберлігі жоғары деңгейде тұруы керек. Яғни, байқаудың жұмыскерлердің кәсіби деңгейін шыңдауға, тәжірибелерін арттыруға берері мол. Заман талабына сай қазір барлық стандарттар мен ережелер өзгеріп жатыр. Мәселен, қауіпсіздікке байланысты жұмыскерлердің киім формасы жаңа үлгіге көшті. Бұл да болса - үлкен жетістік. Өз басым конкурсқа қатысып, біраз тәжірибе жинақтап, көрген-білген жаңалықтарды санама түйіп, жұмысқа оралған соң, қызмет бабында пайдалануға бел будым, - дейді ол.

Сонымен қатар, әріптесіміз бізбен әңгімесінде байқаудың шарттары мен тапсырмалары үнемі жетілдіріліп отыратындығын, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін білуге қойылатын талаптар артып, қатысушылардың дайындық деңгейі жыл сайын өсіп келе жатқанын атап өтті.

Көңілде жігер, көзінде жалын от бар осындай жас мамандар ғасырлық тарих көшін алға жетелеп, компанияның даму стратегиясын жүзеге асыруда өз қолтаңбаларын қалдырады деген сенімдеміз. Үздіктер – арамызда!

Қайырымдылық**МҰНАЙШЫЛАР ҮЙЛЕРІ ӨРТЕНГЕН
ОТБАСЫЛАРҒА КӨМЕКТЕСТІ**

Әлеуметтік жауапкершілікті, қайырымдылық қасиетін сезінуді дәстүрге айналдырған ембілік мұнайшылар ұжымы баспана тауқіметін тартып жүрген жандарға тағы да қолын созды.

Жуырда Доссор кентінде үйлері өртенген 3 отбасы мүшелері көмек сұрап, «Ембімұнайгаз» АҚ-на өтініш білдірген болатын. Үйден өрт шығып, тілсіз жаудың салдарынан тұрғын үйлер тұруға жарамсыз болып қалған. Ембіліктер тұрғындардың өтініштерін назарға алып, зардап шеккен отбасыларға көмек көрсетуге жұмылды.

Нәтиже-сінде, жөндеуге келетін екі пәтерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, үйдің шатырына толықтай демонтаж-монтаж жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, үйдің ішіндегі барлық бүлінген заттар тазаланып, жарлары мен төбелері қапталды. Пластикалық терезелері және үйдің ішкі есіктері ауыстырылды.

Баспана иелері - көпбалалы отбасының отағасы Данияр Тәжібаев пен «Доссормұнайгаз» МГӨБ зейнеткері Ирина Евсюкова үйлерді толық жөндеуден өткізіп, қалпына келтіріп берген мұнайшыларға алғысын білдірді.

Ал, үйі жөндеуге мүлдем келмейтін көпбалалы ана Роза Заированың отбасына 4 бөлмелі жер үй сатып алып берілді. Шарбағында гаражы мен сарайы бар.

Күн суығында баспанасыз қалған отбасыар мәселелерін дереу шешіп берген мұнайшыларға дән риза.

- Осыдан бірер күн бұрын Жаңа жылды өз үйімізде қарсы аламыз деген ой мүлдем болмаған. Ертеңгі күнге деген сенім жоғалғандай болды. Жағдайымызға түсіністікпен қарап, қаражат мәселесін дереу шешіп берген мұнайшыларға ризашылымыз зор. Бұған дейін де қайырымдылық шаралардың басы-қасынан табылып жүргендігінің куәсіміз. Енді Жаңа жылды жылы, жайлы, ең бастысы, өз баспанамызда қарсы аламыз. Бұдан асқан бақыт жоқ, - дейді үй иелері.

«Мен – ембілікпін» байқауының жүлдегерлері**ТАҒДЫРЫМ МЕНІҢ - ЕМБІМҰНАЙГАЗ!**

Менің анам өзге құрбыларымның анасы сияқты мұғалім, дәрігер немесе аспазшы емес еді. Үйден үнемі белгілі бір біркелкі киім үлгісімен шығатын анамның қызметі мен үшін тансық әрі қызық болды. Анамның жанынан екі елі ажырамайтын мен түрлі сұрақтар жаудырып, білуге құштар болдым.

Сөйтсем, анам мұнай өндіретін орында зертханашы екен. Алғаш естігенде зертханашының қандай жұмыс атқаратынын білмесем де, тісім өтпейтін түрлі түсініксіз термин сөздерді естісем де, «болашақта мен анам сияқты зертханашы боламын» деп армандадым. Арманым адастырмады ма, әлде тағдырдың жазылғаны ма оқуды аяқтаған соң, 1996 жылы С.Балғымбаев кен орнында алғашқы еңбек жолым бастау алды. Бала күнімде мен қызыққан анамның киген жұмыс киімін менде киіп, үлкен толқыныспен жұмысқа кірістім. Әуелден анам сияқты болуды армандаған мен үшін бұл үлкен бақыт еді. Алғашқы жұмыс күнім тіпті алғашқы мұнай сынамасын әкеліп зерттегендегі әсерім көз алдымда.

Бастапқыда қобалжып, бойымды қорқыныш сезімі билеп, «қателік жіберіп қойсам ше?!» деген түрлі сұрақтар мазалғаны жасырын емес. Алайда, мамандығыма деген махаббатым әрі ұжымдастарымның ерекше қолдауы қызметке тез сіңісіп кетуіме өз септігін тигізді. Аталған кен орнында алты ай қызмет жасап, тәжірибе жинақтағаннан соң, Забурын мұнай кен орнына жұмысқа орналастым. Біраз тәжірибе алып қалған мен үшін жұмысым күннен-күнге қызықты болды.

Өңіріміздің басты байлығы мұнай сынамасын зерттеу күрделі, сонымен қатар, бойға мақтаныш сезімін сыйлайтын жұмыс. Үлкен шыдамдылық пен кәсіби шеберлікті әрі білімді талап ететін зертхана жұмысы жауапкершілікті қажет етеді. Әр сағат сайын үздіксіз түсетін мұнай өнімдерінің құрамына талдау жасап, анықталған мұнай сынамасының сапасын арнайы журналға нақтылап жазып отыру біздің мойнымызда. Бір ғана аймақтың емес, еліміздің «қара алтынын» зерттеу оның құрамын бөліп қарастыру мамандығыма деген ерекше сезімім мен жұмысыма деген адалдығымды білдіреді.

Зертханашы деген – бір ғана бөлмеден шықпай-ақ әлемге өз әсерін әрі жұмысын көрсететін маман иесі. Мен мамандардың ішіндегі үздігі, сүт бетіндегі қаймағы болу үшін аянбай келемін. Ал, бұл тұрғыда

«Ембімұнайгаз» компаниясының маған деген қолдауы зор.

2007 жылы «Мұнайшы аруы» байқауына қатысып «Іскер ару» атансам, 2016 жылы «Үздік маман» байқауының үшінші айналымын жеңіп, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының үздігі болып танылдым.

Ал, 2019 жылы «Ембімұнайгаз» жұмысшылары арасында топ жарып, сол жылы Ресей федерациясында өткен «Татнефть» форумына қатысу бақыты бұйырып, «Үздік маман иесі» атандым. «Үздік маман-2019» байқауының екінші айналымында «Химиялық талдау лаборанты» номинациясы бойынша I орынды иелендім.

Бұның бәрі «Ембімұнайгаз» компаниясының маған деген сенімі мен қолдауы деп білемін. Қатардағы жәй ғана зертханашы болумен қатар, түрлі байқау-жарыстарды ұйымдастыру арқылы еңбегіміздің еленуіне әрі жан-жақты болып ел көруге үлкен мүмкіндік сыйлауда.

Әр жылы сауықтыру орталықтарында демалтып, біздің денсаулығымыз бен жеке бас қауіпсіздігімізді қамтамасыз етіп отыр. Ай сайынғы уақытылы жүретін жалақы мен ұйымдастырылатын үлкен шаралар біздің қызметімізге деген мотивация дер едім.

Анамның артынан жүріп келген жұмыс орным – «Ембімұнайгаз» менің тағдырыма айналарын кім білген?! Оған қоса өз мамандығым жанымның қалауы болып тұрса, мен нағыз бақытты адам екенмін ғой.

Менің жолымды жалғап қызым келе жатыр, қазір мұнай зертханашысы мамандығын оқуда. Қолына диплом алып, мамандық иесі атанған соң, «Ембімұнайгаз» жұмыс орнына орналасу оның да арманы мен мақсатына айналды.

Тағдырыма жазылған қызметім жанұяммен біте қайнасканы қандай ғажап?!

Лаззат ИДИРКЕНОВА,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ
№1 мұнай-газ өндіру цехының лаборанты



Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі жанындағы жатақхананың дәстүрлі «Ауылдан базарлық» жобасы мұнайлы Ембінің 100 жылдығына арналды.

TED'x форматында ұйымдастырылған жобаның алғашқы бөлімінде NIS оқушылары Ембімұнайгаздың тарихына тоқталып, жер асты байлығын игеру кезеңдеріне шолу жасады. Оқушылар зерттеулерінде қара алтыннан алынатын өнімдер, кен орындарын анықтау, мұнайды бұрғылау жұмыстарына қатысты деректерімен бөлісті. Олар ардагер-мұнайшылардың отбасыларымен кездесіп, Ембі мұнайының алғашқы қарлығаштары жайында айтып берді.

- Ембі мұнайының 100 жылдығы – қазақ елінің мерекесі. Ел экономикасының дамуына үлес қосып жатқан компанияның республика тарихында алар орны ерекше. Бүгінде мемлекетіміздің 35-40 пайызын мұнай-газ саласы толықтырып отыр. Сондықтан, Қазақстанның дүниежүзілік аренада ойып тұрып орын алуына мұнайшылар қомақты үлес қосып жатыр, - деп атап өтті құттықтау сөзін сөйлеген мектеп директоры Ерәлі Бижанов.

Шара барысында оқушылар өздерінің Ембі мұнайының игерілуі, дамуы туралы дайындаған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен таныстырды. Ал, ардагер мұнайшылар Серік Досмұхамбетов, Балтөре Досмұхамбетова, Орынбасар Құрманқұлов, Сәдірғали Әділов, сондай-ақ, «Ембімұнайгаз» АҚ бюджеттеу және экономикалық талдау департаментінің директоры Нұрсәуле Тәжмағамбетова шараға арнайы қатысып, мұнайлы Ембінің кешегісі мен бүгінгі күнгі жетістіктеріне тоқталды.

Кеш барысында Нұрсәуле Әжіғалиқызы оқушылардың ыстық ықыласына ризашылықтарын білдіріп кітапхана қорына Ембімұнайгаздың 100 жылдық тарихы туралы жарық көрген жылнаманы мектеп кітапханасының қорына сыйға тартты.

Кеш соңында саналы ғұмырын жер асты байлығын игеруге жұмсап, өңірдің экономикасы мен әлеуетін арттыруға зор үлесін қосқан ардагер-мұнайшылар оқушыларға бата беріп, ел игілігі жолында тер төгуге шақырды.



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!
«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgcp.kz
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы
Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgcp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgcp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Г.Шарафетдинова - Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.